



ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жас ғалымдарға сәттілік тілейміз!

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдары Айнұр Харжау мен Ербол Ербаев «Болашақ» халықаралық стипендиясын иелену арқылы шетелде тағылымдамадан өту мүмкіндігіне қол жеткізді.



Атап айтқанда, «Тағылымдама» бағдарламасы бойынша қос грантты ұтып алған университетіміздегі Сынау орталығының ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі Айнұр Харжау мен Индустриалды-технологиялық институты доцентінің міндетін атқарушы, PhD докторы Ербол Ербаев енді шетелдік білім ордаларындағы озық технологиялармен тәжірибелерін толықтырады. Ғалымдар өз мамандықтары бойынша Ресей мен Беларусь елдеріндегі іргелі жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтеді.

Айнұр Харжауқызының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясындағы алты айлық тағылымдамасы ағымдағы жылдың қыркүйек айында басталады. Ал Ербол Төлегенұлының «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша жарты жылдық тағылымдама курсы Белоруссия мемлекеттік аграрлық-техникалық университетінде басталып кетті.



Әлемді жайлаған пандемияға байланысты университет ғалымдарының шетелдік білім ордаларында тағылымдамадан өтуі соңғы жылдары кенжелеп қалған еді. Жалпы Жәңгір хан

университетінің тарихында 5 ғалым шет елдерде тағылымдамадан өту арқылы іс-тәжірибе жинақтады.

Ләззат ҚАЖЫМОВА

Қысқы спартакиаданың сайыпқырандары белгілі болды

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессорлар-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасындағы биылғы «Денсаулық-2022» қысқы спартакиадасында «Әкімшілік бөлімінің құрама командасы» жеңіске жетті.

Жылдағы дәстүрге сай жалғасын тапқан қысқы спартакиадаға оқытушылар мен қызметкерлер белсене қатысты. Әрбір команда намысты қолдан бермеу үшін спорттың барлық түрі бойынша бақтарын сынап, бірнеше күн бойына денсаулықтарын шыңдады. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, бұқаралық спортты

дамыту мақсатын көздеген спорттық іс-шараны университеттің «Жәңгір хан» спорт клубы ұйымдастырды.

– Волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі, жұптық үстел теннисі, көңілді сөре, пневматикалық қарудан оқ ату, шахмат, дартс, қол күресі, шаңғы эстафетасы, арқан тарту секілді спорттың 12 түрінен ұйымдастырылған жарысқа бес институт пен бөлімдердің командалары ұйымшылдықпен қатысты. Спорттың барлық түрі бойынша жалпы 300-ден астам адам қатысып, дәстүрлі шарамыз үлкен мерекеге айналды, – деді спорт клуб директоры Руслан Қуанов.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, командалық есеп нәтижесінде спорттың барлық

түрі бойынша 603 ұпай жинаған «Әкімшілік бөлімінің құрама командасы» қарсыластарын басып озып, 1-орынды иеленді. Жүлделі екінші орынға «Политехникалық институттың құрама командасы» (588 ұпай) ие болды. Ал «Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімі» мен «Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма» қызметкерлерінен құралған құрама команда (524 ұпай) 3-орынға тұрақтады.

Жүлдегер командаларды құттықтаймыз!

Қысқы спартакиаданың қызықты сәттері көрініс тапқан фоторепортажды газеттің 4-бетінен көре аласыздар.

КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!



Текті елдің ұрпағысың сен азат, Қазақ деген халық едік біз аз-ақ. Жас тағдырды жалмап алған төңкеріс, Қазағыма қайдан келді бұл азап.

Тайсалмастан дүние үшін азапқа да шыдаймыз, Өттеген-ай, бұрын-соңды жасамап ек бұлай біз. Аяларға арандатты, шетте жүріп шімірікпей, Содан кейін «қайғына ортақпыз» деп жылаймыз.

Ата-анасын зар жылатты елін сүйген боздақтың, Ел тағдырын уайымдап, ұйқы ұрлатып, тұн қатқын. Адамдарды арандатты, шетте жүріп шімірікпей, Мақсатына жетпек болды қара ниет сан сатқын.

86 желтоқсанын тамырында тулатты, «Жаңөзендік оқиға – есімде» деп шулатты. Бейбіт түрде басталған шерулерің кенеттен, Тәуелсіздік тұғырын бұзып ала жаздапты!

Қателікті қайталамай, енді елдікті сақтағын, Ей, шенділер, атақ үшін ел-жұртыңды сатпағын. Халық сеніп сөзіңе, кезек келді өзіңе, Қаймана жұрттың үмітін бар жаныңмен ақтағын.

Ер түріктің ұрпағымыз, көк бөріні пір тұтқан, Сан ғасырлар артта қалды қасіретпен қан жұтқан. Енді қазақ көрмеу керек сатқындардың езгісін, Көп болуға, бір болуға тиістісің сондықтан!

Мекен ҚАРҒАБАЕВ
ЭС-11 тобының студенті
Политехникалық институт

Бизнес обучение



с.2

Тұлға



3-6.

Фоторепортаж



4-6.

Бизнес обучение

В ЗКАТУ имени Жангир хана существует особое направление – изучение студентами 3 курса очного, 2 курса ускоренного отделения всех специальностей и 4 курса ветеринарии дисциплины «Экономика и основы предпринимательства» с дальнейшей защитой бизнес-планов и проектов по дисциплине «Бизнес-планирование» во время второго семестра 2021-2022 учебного года.

С 2020 года в составе высшей школы «Экономика и аудита» активно работает «Бизнес-школа», которая занимается вопросами консультирования, обучения, подготовки и реализации студентами бизнес-планов и проектов.

В целях улучшения качества образования, подготовки студентами бизнес-планов и проектов были запланированы и проведены курсы повышения квалификации «Бизнес-планирование» для преподавателей университета с 10 по 14 января 2022 года ведущими специалистами бизнес-школы – доцентом Хусаиновым Б.М. и старшим преподавателем Ахметжановой Н.А.



На курсах участвовало 39 слушателей – преподавателей отраслевых высших школ университета, причем из них: одна группа с казахским языком обучения – 24 и вторая группа с русским языком обучения – 15 человек.

Лекционные и практические занятия проходили в специализированных аудиториях, которые оснащены видеопроек-

торами и компьютерами для улучшения восприятия материалов слушателями курсов.

Основная цель – дать качественные теоретические знания и практические навыки слушателям курсов по бизнесу, по правильному выбору инновационной идеи, согласованию актуальных тем исследования, составлению и заполне-

нию таблиц, проведение SWOT-анализа, производству экономических расчетов по затратам, прибыли, рентабельности и срокам окупаемости бизнес-планов и проектов.

Слушатели получили дополнительно законодательные – Предпринимательский кодекс Республики Казахстан 2015 года, нормативные и экономические данные по различным налогам и платежам государству, по приоритетным направлениям Программы «Бизнес - 2025», примеры готовых бизнес-планов и проектов.

В качестве итоговой аттестации проводился экзамен для слушателей, в течение недели готовили презентации и далее прошла защита бизнес-планов и проектов перед комиссией.

В заключении хотелось бы отметить, что преподаватели различных специальностей университета получили исчерпывающую информацию по актуальным вопросам, касающимся правильного бизнес-планирования и эффективного предпринимательства.

Берик ХУСАИНОВ,
Ведущий специалист бизнес-школы,
доцент высшей школы «Экономика и аудита» ЗКАТУ имени Жангир хана

Фитосанитария – основа безопасности в защите растений

В «Агротехнологическом институте» в ВШ «Технология производства продукции растениеводства» состоялся круглый стол на тему «Особо опасные и карантинные вредные организмы сельскохозяйственных культур» с участием государственных инспекторов по карантину растений ЗКО территориальной инспекции КГИ в АПК МСХ РК Кодарова Сагита Отарбаевича и Мулдашева Армана Болатовича.



В работе круглого стола приняли участие студенты 3 и 4 курсов специальности 5В081100 – Защита и карантин растений. Модераторами работы круглого стола выступили старшие преподаватели ВШ Л.Т.Калиева и А.К.Кушенбекова. В ходе дискуссии участники обсудили особо опасные и карантинно-вредные объекты сельскохозяйственных культур и меры по недопущению их проникновения и распространения на территории Республики Казахстан. Государственными инспекторами было подчеркнуто, что карантин растений направлен на профилактику фитосанитарного благополучия,

так как борьба и ликвидация очагов обходятся гораздо дороже и традиционные методы выявления хоть и остаются главным инструментом исследований, но далеко не всегда эффективны.

Совместные работы специалистов с производства и ученых университета в области сельского хозяйства, которые делятся опытом и знаниями, прививают интерес студентов к научным исследованиям и будущей профессии.

Лайла КАЛИЕВА
руководитель НИРС ВШ
«Технология производства
продукции растениеводства»



▶) СТУДЕНТКЕ КЕҢЕС

Ақша үнемдей білесіз бе?

Жоғары білім алып, өз бюджетімізді өзіміз басқарып үйренбесек, санасы таяз балаға ата-ананың байлығы мұра болып жарытпайды.

Мемлекеттік грантта оқитын студент жоғарылатылған шәкіртақы алуға тырысады, ақылы бөлімде оқитын студент бос уақытында жұмыс істеуі мүмкін. Бірақ ретімен жұмсай білмесе, ақша судай ағып кете береді.

Үнемшілдік – сараңдыққа жатпайды. Алғыңыз келген нәрсе сізге аса қажет болған жағдайда ғана шешім шығарыңыз. Көрсекызарлық – студентке ең жарасымсыз іс. Тек пайдасыз шығындардан тежеліңіз, ал өзіңізден ештеңе аямаңыз.

Көшеден тамақ алмауға тырысыңыз. Оны кім, қалай жасайтынын білмейміз әрі күнделікті көше тамақтарына әуестік – ақшамыздың басты жауы. Кішкене суық тигізіп ауырудың өзі – қалтаңызға біраз шығын келтіреді. Дәріге ақша жұмсағыңыз келмесе, мұны да ескере жүріңіз. Пәтер жалдап тұрсаңыз, жарық пен суды үнемдеу,

аса асығыс болмасаңыз қоғамдық көлікті не жаяу жүрісті таңдау туралы айтпаса да түсінікті болар.

Айдың басында ақша түскен кезде өткен айдағы алғыңыз келген нәрсенің барлығын бірден алып тастамаңыз. Жүріп-тұруыңыздан артылған қаржыны ғана өзге нәрселерге жұмсаған жөн. Аса қысылмасаңыз, ешкімнен қарыз алмауға тырысыңыз. Себебі қарыз да қаражатыңыздың берекесін кетіреді.

Жұмсаған ақшаңызды арнайы блокнотқа немесе телефоныңызға жазып жүріңіз. Алған азық-түлігіңізден бастап, автобуска мінген, садақаға берген тиындарыңызға дейін жазып қойыңыз. Ай сайын шығындарыңызды есептеп, келесі айда артық шығынға ұрынбауыңызға жол ашылады.

Тағы бір айта кетерлігі, студенттік билетіңіз әрдайым жаныңызда болса, студенттерге жасалатын жеңілдіктердің де сіз үшін пайдасы зор.

ҒАЛАМТОРДАН АЛЫНДЫ



«Қатарда еңбек етіп жүрген соң, білгеніңді үйрету – парызың»

Политехникалық институттағы «Жалпытехникалық дайындық орталығының» профессоры Бекет Нуралиннің Жәңгір хан университетінде еңбек етіп жүргеніне – 45 жыл. Жарты ғасыр уақыт бұрын Ақтөбеден Оралға білім қуып келген жастың үлкен тәжірибе мектебінен өтіп, бүгінде зерделі тұлғаға айналғанын әңгімесінен-ақ байқадық.



оқығанын айтты. Сол қалада 1986 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған. Осыдан кейін ғылымдағы жолында ұзақ уақыт үзіліс орын алғанымен, білім саласындағы игілікті істерге қосқан үлесі аз болмаған.

Бекет Нұрғалиұлы бойында жастық жалыны тасып тұрған, әлі 30-ға да толмаған шағында екі-үш жылдай кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасаған. Сол жылдары институттың оқу бөлімінің проректоры болған ұстазы Сергей Шұғайұлы Нуралинді Мәскеу қаласына жолдамамен бір жылдық француз тілі курсына жібереді. Курстан келген соң білікті маманды проректор С.Жұбаев институттың әкімшілік жұмыстарына тартып, оқу-әдістемелік бөлімін құру бойынша тапсырмалар береді. Алдағы мақсат – оқу орнының мәртебесін жоғарылату, кәсіби мамандар даярлау ісін дамыту еді. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен тұспа-тұс келген кезең болатын. Елде түрлі қиыншылықтар орын алды, оқу орындарының жұмысын ілгерілетуге ел қазынасынан қаржы қарастырылмады. Соған қарамастан Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының басшылығы тығырықтан шығар жолды іздестіріп, қолдан келгендерін аянып қалмады.

– Әрине, қандай жағдайда да жұмысты әрі қарай жалғастыруымыз керек. Студенттер қатарын толықтыруымыз қажет. Адамдар арасында ауыл шаруашылығы мамандығын игерген жастарға жұмыс табу қиын деген түсінік болды. Бұл салаға оң көзқарас қалыптастыру үшін қаладағы колледж, техникумдармен байланыс орнаттық. Шетелдік тәжірибені пайдалана отырып, бірнеше оқу орнымен бірге жұмыстанып,



орналасқан жас маманға кафедра меңгерушісі Василий Исаев, басқа да аға буын өкілдері білгендерін үйретіп, ақыл-кеңестерін айтып, жол көрсеткен. Өмір жолы өнегеге толы кейіпкеріміз жолдамамен Ресейдің Челябинск қаласындағы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтында» үш жыл аспирантурада

институтымызға көпденгейлі оқу жүйесін алғашқы болып енгіздік. 1996 жылға дейін осындай жүйемен жұмыс жасадық, 96-жылы еліміздегі білім саласында көптеген реформалар орын алып, біз бастаған жаңа жүйе қолданысқа енгізіле бастады. Сол жылы институтымыз аттестациядан өтіп, «университет» мәртебесін иеленді, – деді Б.Нуралин.

Еңбекпен ысыла түскен Бекет Нұрғалиұлы 1996 жылы Батыс Қазақстан аграрлық университеті болып қайта құрылған білім ордасының оқу ісі жөніндегі проректоры лауазымына тағайындалады. Бұл қызметте де өзінің азды-көпті тәжірибесін аянып қалмаған ғалым-ұстаз жоғары оқу орнының жұмысын дамытуға күш салады. Соның бір дәлелі – 1998 жылы университет жанынан ғылым кандидаттарын жұмыссыз қалдырмау, батыс өңіріндегі өнеркәсіптерге қажетті инженер мамандар даярлау мақсатында ашылған жекеменшік «Техникалық институт». Ол институттың ректоры болу міндеті де біздің кейіпкерімізге жүктеледі. Ал 2000 жылы Оралдағы үш университет біріктіріліп, тағы да құрылымдық өзгерістер орын алған кезде Бекет Нуралин «Аграрлық университеттегі» Инженерлік-технологиялық институттың директоры лауазымына ауыстырылады. Кейінірек «Техникалық институтты» да университет құрамына қосу туралы шешім шығарылған. Қазіргі көптеген инженерлік мамандықтар осындай он шешімнің нәтижесінде университет қабырғасында даярлана бастады.

Ғалым-ұстаздың еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық қабілеті Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып құрылған оқу ордасының ректоры Базар Дамитовтің көңілінен шықса



керек, оны өзінің бірінші проректоры етіп жанына алады. Бұдан соң өзі білім алған қара шаңырақ қайтадан Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті болып қайта құрылған кезде де Бекет Нұрғалиұлы басқару-ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрген.

Оқу-білім саласын дамытуға бар күш-жігерін жұмсаған кейіпкеріміз ғылымдағы ізденісі кейіндеп қалғанын ойлап, енді осы кемшілігін түзетуге ден қоюды жөн көреді. Нәтижесінде Ресейдің Орынбор қаласында 2012 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. Ал «профессор» ғылыми атағын 2021 жылы 65 жасында алған екен. Дегенмен, ғылымдағы жолын кешеуілдеп жалғастырғанына өкінген емес.

Өмірі өнегеге толы тұлға өзіне үміт артқан алдыңғы буынның сеніміне селкеу түсірмей адал қызмет етті. Кейінгі әріптестеріне де оқу процесі, сабақ кестесін құру, сапаға мән беру, студенттермен жұмыстану жағынан ақыл-кеңесін айтып отырудан жалыққан емес. Талапшыл ұстаз шәкіртке орынды талап қоя білуді де маңызы зор екенін айтып жүр.

Бекет Нұрғалиұлына күні бүгінге дейін өзге оқу орындары тарапынан да шақыртулар болған. Алайда ол жерлерде ұзаққа тұрақтамаған ғалым жылы орынын суытпапты. Ұлағатты ұстаздың алдын көрген түлектер бүгінде әр жақта қызмет жасап жүр. Жәңгір хан университетінде де Нуралиннің дәрісін тыңдаған шәкірттер аз емес. Жанындағы әріптес шәкірттерінің бірі Манарбек Ғалиев

докторлық диссертациясын қорғауға дайындалып жүргенін айтты. Көптеген ғылыми жұмыстарына шәкірттерін, ізбасарларын қосалқы авторлыққа тартып, оларды да баулып жүреді. «Жас ұстаздарға, жас ғалымдарға қолдау көбірек көрсетілуі керек. Оларға шығармашылықпен, ғылыммен айналысуға жағдай жасалуы тиіс» дейді өмірден түйгені мол жан.

Тісқакқан тәжірибелі ғалым-ұстаз бүгінгі жастардың бәріне бірдей күйе жақпаса да, «әттеген-ай» дегізетін сәттер кездесетінін жасырмады. – Білім алушының бірінші міндеті – оқу. Ал қосымша жұмыстармен айналысу, еңбек ету – екінші кезектегі дүниелер. Көбінесе, жастар екінші кезектегі нәрселерді сылтауратып, білімге мән бермейді. Бірінші курстан бастап жүйелі оқыса, кейін алған білімінің жемісін көрері сөзсіз. Уақытты да тиімді пайдалана білген дұрыс. Бірге оқитын қыз-жігіттер бір-бірімен араласып, бір-біріне көмектесіп жүруі керек, – деген ақыл-кеңесімен де бөлісті. Пандемия кезіндегі онлайн оқудың да олқылықтары аз емес. Студентпен бетпе-бет отырып, білім берудің әлдеқайда сапасы мол екенін ұғындық дейді зейнеткер ұстаз.

Сөз арасында ғалым Б.Нуралин «Эдвайзер» деген атау туралы да пікірін білдірді. «Эдвайзер дегеніміз – тәжірибелі, сол мамандықтың бағдарламасына жетік

маман. Ал кураторлық – қоғамдық жұмыс іспетті. Мұның да ара жігін ажырата білген жөн» дейді ол. «Жалпытехникалық дайындық орталығында» бірге әріптес болған Асқар Бакушев, Жанна Құбашева, Мақсот Дүйсенов сынды білікті мамандар университеттегі басшылық қызметтерде жүргенін мақтанышпен атап өтті.

Техника ғылымдарының докторы, профессор Бекет Нуралин осы жылдар ішінде жалпы 215 ғылыми жұмыс жазған. Оның бесеуі – монография. Жиырма шақты оқу құралының 7-еуі Қазақстан мен Ресейдегі Ауыл шаруашылығы министрліктерінің ұйғарымымен ЖОО-на ұсынылған. 16 өнертабыстық жұмысына патент иеленген. Сонымен қатар шетелдік рейтингтік журналдарда алты мақаласы жарияланған.

Білім мен ғылым саласын дамытуға қосқан еселі еңбегі ескерусіз қалмаған Бекет Нұрғалиұлы әр жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым министрліктерінің, ҚР Кәсіподақ федерациясының «Құрмет грамоталарын», «Ерен еңбегі үшін» медалін, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгілерін және басқа да марапаттарды иеленген.

Зейнеткерлік жасқа жетсе де, кәсіби мамандар даярлау ісінен шет қалмаған ұстаз сабақ берумен шектелмей, кейінгі буынға білгенін үйретіп, тәжірибесімен бөлісіп отыруды парызы санайды.

Ләззат ҚАЖЫМОВА



Қысқы демалысыңыз қалай өтті?

Қуанышбек ЖҰМАЖАНОВ,
«Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының» 1-курс студенті:

– Менің демалыс күндерім жақсы өтті десем қателеспеймін. Арасында құрдас-достарыммен, туыстарыммен кездесіп, жақсы кеш өткізсем, кей күндері әкеммен бірге балық аулауға шықтық. Дейтұрғанмен, кез келген студент «демалыс бітпесе екен» деп армандайтыны сөзсіз. Бірақ оқу, яғни өз мамандығыңды меңгеру бірінші орында болуы керек. Сондықтан университетке қайта оралдым.

Нұрдәулет ТӨЛЕПБЕРГЕН,
«Индустриалды-технологиялық институтының» 3-курс студенті:

– Биылғы демалысымда мен үйімде болып, әкеме қолғабыс еттім. Үйге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, одан босай қалсам, қосымша жұмыстар жасап, еңбек еттім. Сонымен бірге мектептерді аралап, оқушыларға біздің университетімізді таныстырып, оқуға түсуге шақырдым. Жалпы қысқы демалысымда тек пайдалы істермен шұғылдандым.

Мекен ҚАРҒАБАЕВ,
«Политехникалық институттың» 1-курс студенті:

– Менің демалысым өте жақсы өтті. Ауылға барысымен бірден ата-әжеме бардым. Одан қала берді біраз уақытымды достарыма арнап, көңілді өткіздім. Ең қуантарлығы, ауылыма деген сағынышым сәл де болса басылды. Енді алдымызда қиындығы да, қызығы да жетерлік оқу семестрі күтіп тұр.

Шамшырақ ЕСЕНҒАЛИЕВА,
«Агротехнологиялық институтының» 1-курс студенті:

– Қызықты студенттік шақтың алғашқы демалысын жақындарымның ортасында өте тамаша өткіздім. Бір айға созылған демалысымыз көзді ашып-жұмғанша зымырап өте шықты. Қысқы демалысымның арқасында түрлі нәрселерге қызығушылықтарым туындап, жаңа қырымнан ашылдым. Сонымен қатар көптеген кітаптар оқу арқылы ой-өрісімді дамытып, университетке жаңаша идеялармен, құлшынысқа толы шабытпен келдім. Осылайша, демалысымыз тәмамдалып, оқу жылының екінші кезеңіне аяқ бастық.

«Денсаулық - 2022» спартакиадасы

ФОТОРЕПОРТАЖ



Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Бас маман
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 551
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru